

**"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 316 шешімі

Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 5 тармағына, "Жерүсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 250-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36974 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері, осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат төрағасы*

*Г. СҮЙІНТАЕВА*

Облыстық мәслихаттың  
2026 жылғы 31 наурыздағы  
№ 316 шешіміне қосымша  
Облыстық мәслихаттың  
2009 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 235 шешіміне қосымша

**Ақтөбе облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері**

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні			

1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	418,31
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	1 197,59
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	337,35
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	337,35
5.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	40,48
Торғай, Ырғыз өзендері бассейні			
7.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 текше метр	834,90
8.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 текше метр	2 386,36
9.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 текше метр	657,4
10.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 текше метр	657,4
11.	Су энергетика	теңге/1000 киловатт сағатына	-
12.	Су көлігі	теңге/1000 тонна километр	-